

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
“ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ”
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**Пікір-сайыс технологиясын мектептерде оқушылармен сыныптан тыс сабақтарда
немесе үйірмелерде қолдану әдістемесі**



**Қосымша білім беру әдіскер: Байдарбекова Эльмира Садуовна
Қосымша білім беру педагогі: Молдасапаров Айбек Мыктыбаевич**

Кіріспе

Алдымен адамдардың ойының, ғылым, білім саласының жылжымалы түрде ғасырдан-ғасырға, әртүрлі өзгерістерімен таңқалдыруда. Адамзат тарихына үңілетін болсақ: Тобырлық өмір сүруден, мемлекеттер пайда бола бастады, мемлекеттердің әлеуметтік жағдайының дәрежесінен дамыған, дамушы, кедей елдердің типологиясы пайда болды. Қазіргі ХХІ ғ Ғылыми-техникалық революциясының биік шыңына жеткен заман. Жаңа заман, жаңа талапты қажет етеді. Күннен-күнге, жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға білім берудің жаңа саласы қолданып келуде. Қазақстан мемлекетінің білім саласы бойынша Тиімді оқыту мен оқу бағдарламасын қолға алып, келешек ұрпақтың қамын ойлап, әуелі мұғалімді, сосын оқушыны дұрыс бағытпен өзгерту, жетістіктерге жеткізу, өмірдің сатысына өз күшімен әрекет жасауға өзгертуді қолға алды. Өзгерістің басты мақсаты адамдардың білімсіз ұрпақ, мейрімді орта қалыптастыру болып отыр. Президентіміз айтқандай: « Өмір бойы жететін білім алуға» осы бағдарламаның нәтежиесі бойынша жетеміз. Бүгінгі күн – ертенгі тарих болып қалатынын ұмытпауымыз керек, болашақ ұрпақтарымыз өз ата-бабаларын жақсы жағымен мақтаныш етіп атымызды жоғары қойып, біздің жасаған іс-әрекеттерімізден үлгі алуы тиіс. Біз үлкен жетістікке жеттік, дәлелі ретінде әрбір «қазақ» азамат, азаматшаларының қарны тоқ, киімі бүтін. Адамның қарны білімсіз болса тоймайды. Біздің әлеуметтік тұрмыстық жағдайымыздың жақсы болуы- білімді басшылардың болуында. Білімді ұрпақ –білімді басшы болады, білімді басшы болашақ еліміздің тірегі, жүрегі десем әсте қателеспеген болармын. Қорыта айтсам «Флейвал» ашқан метатанымдық қасиетті жас жеткіншектердің бойынан дамытсақ, келешекте ол үлкен жетістіктерге жетеді. Ешқашан жетістіктің жемесі болмауы мүмкін емес. Осыған орай осы әдістемелік құралды мектеп оқытушылары мен қатар сынып жетекшілерге және тәлімгерлерге ұсынып отырымын



Пікір - сайыс технологиясын мектептерде оқушылармен сыныптан тыс сабақтарда немесе үйірмелерде қолдану әдістемесі
Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен – тарихтағы ең ұлы істің бірі.

К.Д. Ушинский

XXI ғасыр жаңа технологиялар мен инновацияның дамыған заманында, әрбір ұстаз заман ағыман сай өз білімдерін жетілдіру қажет. Осы «Тиімді оқыту мен оқу» курс бағдарламасын оқып тәжірибеден өткенде, өзімнің педагогикалық бағытыма, мектеп өміріне және оқушыларыма үлкен жаңашылдық алып келді.

Осы бағдарлама білім саласының қызметкерлерінің біліктілігін арттырумен қатар педагогикалық шеберліктерді зерделеуге, меңгеруге көмектесетін бағдарлама болып табылады. Бұл бағдарламаны меңгере отырып оқушылардың қалай оқыту керектігін үйреніп, нәтижесінде дербес түрде өзіндік дәлел –нанымдарын жеткізе білетін, сыни пікір-көзқарастары дамыған, сандық технологияларда танытатын оқушы ретінде қалыптастыруын үйретеді. Бұл бағдарламада көптеген еліміздің ғалымдарымен қатар шет ел ғалымдарының ғылыми зерттеу кешендері, алуан түрлі түсініктер мен әдіс-тәсілдер ұсынылған.

XXI ғасырдың білім беру талаптарына сай оқыту үшін, міндетті түрде жаңа технологиялармен қатар әдіс-тәсілдерді игере отырып, жетілуіміз қажет. Бүгінгі таңда білім беру әрбір іс - әрекетті, ол іс-әрекеттің шындығында сапалы болу үшін, диагностикалық негізде жоспарлай келе, тиімді әдістермен ұйымдастыра отырып, ғылыми тұрғыдан басқаруды қажет етеді.

«Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кіналауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кіналауға тиіс.» Ы.Алтынсарин.

Ұлы педагогтың мұғалімдердің ұшқыр біліктілігі мен ізденімпаздығы үздіксіз даму кезеңінде жүру қажеттілігін өсиет еткендей. Үздіксіз даму өзгерісті де қажет етеді, еліміздің қарқынды даму кезеңінде ұлтымыздың іргесін нық ұстайтын парасатты, білімді ұрпақ тәрбиелеу тікелей ұстаздар құзырында.

Бүгінгі біздер оқып жатқан курс бағдарламаларынан мен жаңа тәсілдерді ғана үйренген жоқпын, жалпы менің шығармашылық жұмысыма деген көзқарасымды да өзгертті. Бағдарламаның 7 модульді қамтитын заманауи интербелсенді әдістемені қолдану арқылы мектебimde мұғалім ретінде оқыту үдерісіне өзгеріс енгізуді жоспарлап отырмын. Сондай-ақ, бірге жұмыс жасайтын әріптестерімнің осы әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың білім сапасының көтерілуіне ықпал жасайтынына сенемін мол, себебі елдің үміті жастарда, ал жастардың жан жақты болып жетілуі ол ұстаздың қолында екені, маған жауапкершілік артады.

Шекірттерге білім беретін Сыныптағы диалогтың маңызы зор. Осыға дейінгі ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Зерттеулерде

ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін жеткілікті дәлелдер бар. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;

- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Шетел ғалымдарының зеріттеуіндегі сыныптағы диалогтік әңгімені дамытуға тоқталатын болсақ. Александер (2004) оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар (сонымен қатар олардың мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар (*1-кесте*).

1-кесте. Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлері

<p>Әңгіме-дебат барысында: ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады; ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады; қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады; Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.</p>	<p>Топтық әңгіме барысында байқалатын жайлар: айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі; әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы; идея қайталанатын және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p>Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде: әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады; әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі; қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды; қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»; топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең</p>

бастысы – келісімге ұмтылу).

Топқа бөлінген оқушылар өз сұрақтарына тынымсыз жауап іздейді. Әр оқушы өз идеясымен бөліседі. Мен өзімді тамаша бір оркестр басқарып тұрғандай сезінемін. Оқушыларым тамаша ойшыл адамдар. Бұл оларға сол проблема бойынша өз көзқарастарының қалыптасуына, пікірлерін қарсыластарының көзқарастарымен салыстыруға, өз пікірін қорғауға үйретеді, сол проблеманы өздігінен терең зерттеуге итермелейді. Пікір – сайыс жастардың білімдерін жан –жақты жетілдіріп, мәдени деңгейлерін көтереді, басқа адамдарға түсінікпен қарап, олардың пікірлерімен санасуға үйретеді, шешендік өнерге баулиды.

Осы ғалымдардың зеріттеуіне және өз тәжірибиеме сүйене отырып мектептерде оқушылардың көшбасшылығын жетілдіру, араторлық қабілеттерін арттыру, сұрақ қою дағдысын қалыптастыру, қоғамда немесе көпшілік ортада өзін-өзі басқару және модераторлық қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында мектеп қабырғасында пікір-сайыс клубын құрып тәлімгерлер мен сынып жетекшілерге арналған әдістемелік құрал ретінде ұсынып отырмын.

Пікір – сайыс технологиясы - оқытудың ұлттық жаңа үлгісі деп қарастыратын болсақ, оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық – педагогикалық бағыттағы негізгі ой – тұжырымдары төмендегідей сипатталады:

1. Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл – ойды дамытатын оқуға көшу.

2. Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл – ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу.

3. Оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп саралап оқыту бағдарламасына өту.

4. Мұғалім мен оқушының бірлік одақта қызмет істеуі. Бір – біріне басымдық көрсетпеуі оқушыға да, мұғалім де, субъект болуы.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін мектеп ұжымдары әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым – қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, құралдарын одан әрі жетілдіруде тиімді тәсілдерді қолданудың жолдары іздестірілуі қажет. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан –жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқда да көптеген адам қабілетінің қалыптасуына игі

әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқытудың жаңа моделі - пікірталас әдісі. Пікірталас – дидактикалық ізденістің маңызды саласы. Комуникативті пікір алмасу моделі жөніндегі негізгі қағидалар мен тұжырымдарды, методикалық нұсқауларды, «Дүние жүзі педагогика инновациясы»

атты М. В. Клариннің еңбегін басшылыққа ала отырып, сабақтарда оқыту құралы ретінде пайдалану – жақсы нәтижеге қол жеткізді. Жаңаша оқытудың коммуникативті пікір алмасу түрі оқушының жетекшілік позициясын нығайтып, сыныпта ашық өзара қатынастарды қамтамасыз етіп бірлесіп білім алуда жауапты іс - әрекет жасауға мүмкіндік береді.

Егер пікір алмасу оқушы мен мұғалім арасында кезектескен жүйелі, бірізді сұрақ жауап түрінде жүргізілсе, онда ол біз күткен нәтиже бермейді. Бұрынғы оқу жүйесіндегі сұрақ – жауап түріндегі оқушы мен мұғалім арасындағы төменгі дәрежедегі байланыс әдісі.

Мен ұсынып отырған пікірталас моделінің арнайы құрылымы, ережесі бар, қолданыс аясы және уақыты шектеулі. Оның негізін салушы американ философы Карл Поппер. Оның ерекшелігі - әр қарсылас топтың бір – бірімен белгілі ережеге сәйкес ізденіске негізделген сайысқа түсуі, ақиқатқа жету жолын қарастыруы, дәлелдерін салыстыруы. Мына төменде Карл Поппер пікір таласы бағдарламасының пікір талас форматы берілген.

Дебат ойыны ережесі.

Ж- 1 (5 мин)	Д – 1 (6 мин)	Ж -2 (5 мин)
Шешіммен келіседі Шешімнің шарттарын анықтайды. Мақсат немесе критериялар қояды. Қысқаша жақтаушы команданың көзқарасы жөнінде дәлелдеме береді. Аргумент 2. Аргумент 3. Аргумент Өзінің оң бағытын анық түрде қорытындылайды.	Шешіммен келіспейді Альтернативті түсініктемелер (дефин) ұсынады. Альтернативті критериялар ұсынады. Әрбір оң аргументке қарсы контрагумент келтіреді. Оны фактілермен бекітеді. Теріс жүйелі бағытыңызды дайындап айтады. Аргумент 1 Аргумент 2	Позициясына қайтадан сендіреді. Түсініктемеге қайтадан сендіреді және альтернативке қарсы сөйлеп жауап береді. Айтуға тұрарлық критерия жасап, оң сөйлеу мәселесін құрады. Оң құрылым арқылы нақты дәлелмен дәлелдейді. жаңа дәлел береді. бұрынғы берген дәлелдің сыны арқылы берілген кемшілікті айтады. мысалдарды, ұқсастықтарды, баяндауды қолданады. * бар дәлелді кеңейтіп айтады. Қарсы дәлелдерге қарсы жауап береді.
«Қазір мен қарсы сұрақ – жауапқа	«Рахмет, мен сұрақ –	«Рахмет, мен сұрақ –жауапқа

дайынмын».	жауапқа дайынмын».	дайынмын».
X сұрақ ДЗ – Ж1.	X сұрақ ЖЗ – Д1	X сұрақ Д1 –Ж2.

Д – 2 (5 мин)	Ж – 3 (5 мин)	Д -3 (5 мин)
Негізгі өзгерістерді анықтайды. Альтернативті түсініктеме даулы болып ары қарай түсіндіреді. Қалыс мақсат айтып айтысады. Жақтаушы кейстің пункттеріне анализ жасайды. * жаңа дәлел береді, *оң сөйлеудегі кемшіліктерді түсіндіреді, * мысалдарды, ұқсастықтарды, баяндауды қолданады.	Пікір таласын маңызды дәлелді мән бергізе ұйымдастырады. Оң сөйлеу критериясы неге үстем екендігін қайта түсіндіреді. төрешіге айтылатын сын аргументінің маңызын көрсетеді, аргументтің жасайтын әсерін түсіндіреді, оң бағытта сөйлейтін әр пікір сайысты, әр аргументті қалай айтып шығатынын түсіндіреді.	Төрешіге арнап маңызды мәселелерге мән бере сөйлейді. команданың бағыт шарттары туралы сөйлейді. Кез келген болып жатқан пікір таластың орын салмағын көрсетеді. Оң шешім жүйелігіне қарай сөйлейді. * төрешіге арналған ең маңызды аргументтерді айтады.
Қайтадан теріс дәлел дайындап және бұрынғы дәлелді кеңейтіп айтады.	Бұл аргументтерді пікір таласында ұдайы айтады. Олардың маңызын байқап қайта түсіндіреді.	Кез келген теріс аргументтерді қайта жауап арқылы терістеуге сенімді болады.
«Қазір мен қарсы сұрақ – жауапқа дайынмын».	Соңғы қорытынды жасайды.	Соңғы қорытынды жасайды.
X сұрақ: Ж 1 – Д 2		

Пікір талас не үшін керек?

1. Шешендік дағдысын жетілдіру.
2. Талқы үстіндегі мәселеге сын көзбен қарау.
3. Талқыланып жатқан мәселені түсіну.
4. Ойландыру, ой- түрткі салу.
5. Фактілерді зерттеу, болжау, баға беру.
6. Жүйелеп сөйлеу.
7. Өз көзқарасын жүйелеп басқаларға дәлелдеу.
9. Өз бағытын дұрыс ұғыну.
10. Мәселенің өзектілігіне мән беру.
11. Пікір таласта екі жақтың ойын, көзқарасын жалғастырып, ұштастырып отыру.
12. Өз ойыңды анық, әсерлі, нақты түрде дәлелдеу.
13. Көп әдебиеттерді оқу.
14. Әдебиеттерден керектіні алуға қалыптасу.
15. Беделді әдебиеттерді пайдалану.
16. Кітапханаларда жұмыс істеуге дағдылану.
17. Қоғамның саяси дамуын түсіну.
18. Пікір таласында білімді жетілдіру, тереңдету.
19. Сайысқа қатысушыларды шыншылдыққа тәрбиелеу.
20. Сайыста идея қозғаған адамға құрметпен қарау.
21. Идеяны теріске шығаруға нақты мықты дәлел қою.
22. Төрешіні өз көзқарасының дұрыстығына сендіру.
23. Қарама – қарсы сұрақ қоя білу.
24. Уақытты тиімді пайдалану.
25. Мәселені қорытындылау және шешім жасай білу.
26. Мәселеге шығармашылықпен қарау. Топтармен жұмыс жасау.
27. Дефинициялармен жұмыс жүргізу.
28. Көзқарасты ашық айтуға қалыптасу.
29. Ашық қоғам құруға үлес қосу.

Пікір – сайысты қолдану әдістері (сабақ үлгілері)

Пікір – сайыс технологиясын сабақтарда қолдану үшін мынадай талаптарды есте ұстау қажет.

1. Пікір – сайыс сабағының айқын мақсаты болуы керек.
2. Пікір – сайыс сабағында ойын тәртібін қатал сақтау керек.
3. Оқушылар пікір – сайыс алдында тақырыпты толық меңгеруі тиіс.
4. Пікір – сайыс тақырыбы да талапқа сай, талас туғызатындай болуы керек.
5. Оқушылар пікір - таласта толық қатысуы тиіс.
6. Пікір – талас өз мәнінде өту үшін уақыт керек.

**«Пікірталас» тандау курсының бағдарламасы.
Бағдарлама құрылымы**

Мектептерде пікірталасты қалыптастыру мақсатында жоғары сынып оқушыларымен тығыз қарым-қатынасты жұмыс жүргізу мақсатында үйірмелер жұмыстарын қиындықсыз тиімді жұмыс жасау мақсатында оқыту курс бағдарламасын ұсынып отырмын.

Бағдарлама 34 оқу сағатына есептелген. Олардың әрқайсысы Пікірталас бағдарламасының маңызды тұстарына, ұғымдары мен ережелеріне түсініктеме беретін теориялық және алынған мағлұматтарды бекітуге арналған практикалық бөлімдерден тұрады. Практикалық сабақтар үстінде бағдарламаның әрбір жеке элементі бойынша жұмыс істеледі, оқушылар ойын үстінде пікір сайыстыру және өз идеяларын топ болып қорғау негіздерін игереді. Ақыр аяғында оқушылар пікір –сайыс бәсекелерін өткізудің ережелерімен таныс болады. Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – сабақ үстіндегі оқытушы мен оқушылар арасындағы қарым – қатынас. Мұғалім бұл жерде оқушылардың өз бетімен оқып – үйренуіне жағдай туғызатын, оқу үрдісін ұйымдастырушы және үйлестіруші ролінде болмақ. Оқыту кіші топтар және олардың өзара әсерлесу принципіне негізделеді. Сабақтарда ойлау және сөйлеу жүйелерін белсенді жұмыс істеуге мәжбүрлейтін интерактивті оқу әдістері қолданылады. Сонымен қатар, пікірталас ұйымдастыруға арнайы дайындалған кеңестер де бар. (қосымша қараңыз)

Түсініктеме.

Қоғамдағы өзекті мәселелерді шеше алатын, жаңа әлеуметтік –психологиялық қабілеттердің қалыптасуына ықпал ететін, оқушылардың сыни ойлау қабілетін шыңдап, шешендік өнерге баулитын мүмкіндіктер жүйелеп ұсынылған. «Дебат» бағдарламасы - әлем мойындаған технология. Өйткені, дебат – жаңалыққа құштарлықтың даму көзі. Ең бастысы, бағдарлама өмірдің көркем шындығын келістіріп, дәуір көшіне ілестіріп әкететін ХХІ ғасыр білім беру жүйесінің микромоделі төңірегіндегі ойды, білім мазмұнын іріктеудің басты ұстанымдарын іске асыру жағына көңіл аудартады.

Қоғамдағы сананы қалыптастырып, ұйқыдағы ойды оятатын, сөйтіп ұлттық сана – сезім сілкінісіне алып шығатын, көтерер жүгі салмақты философиялық мәні бар ұсыныс жасай алатын бағдарламаның өн бойынан қажеттісі мен керектісін іріктеп, дарындылар танымына салуды қажет деп таптық. Мұндағы мақсат: ішкі еркіндігі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, есесін жібермейтін тәуекелшіл белсенді тұлға қалыптастыруды көздедік. Олай дейтініміз, бұл дебат – пікір сайыс бағдарламасы - еліміздің білім беру жүйесінің негізгі элементтерінің бірі ретінде танылуы тиіс және ол уақыт күттірмейтін мәселе.

Дебат технологиясы тереңде оқыту және оның маңызы мына төмендегідей:

- қарама -қарсы ой стратегиясы болғандықтан сөз әдебіне үйрету;
- әлеуметтік тілдің дағдыларына қалыптастыру;
- дебаттың құндылығы арқылы қоғамда ой – сана алуандығын туғызу;
- еркін саяси көзқарастардың бәсекелестігін туғызу;
- тыңдаушының сөйлеушіден 2 есе мәдениеттілігін насихаттау;
- пікірсайыс түрлері, оның мәні;
- дебат әдісі арқылы шешендікке алып келу;
- белсенді сөйлеуді ойлай сөйлеумен ұштастыру;
- оқушы дербестігін дамыту;

- оқушы өзін -өзі қадағалап, тексертуге баулу;
- таным қабілетін дамыту;
- өздігінен білім алуға қажеттілік тудыру;
- ақыл ой еңбегіне жалпы мәдениетін арттыру;
- білімге құмарлығын, рухани сенімін күшейту;
- «Іште пікір өлгеншені» ұтымды пайдалану;
- пікір шектелмейтін еркін шығармашылық қалыптастыру;
- ғылым дағдыларын жүйелеу.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мынадай:

- дебат технологиясына қойылатын талапты білу;
- дебат ойындарының ерекшелігін меңгеру;
- дебат пен шешендік сөздердің ара қатынасын айыру;
- жұрт алдында еркін сөйлеу,
- ойды қорыту тәсілдерін меңгерту;
- беделді құжаттармен жұмыс жасай білу;
- озат ойы болуы - өзін -өзі құрметтеуі.

Сын тұрғысынан ойлай білу қабілетін пікір –сайыс арқылы дамыту.

Пікір – сайыс әдістемесі.

Кіріспе

Пікір сайыс деген не? Пікір сайыстыру принциптері. Пікір сайыс стильдері (Парламенттік және Линкольн - Дугластың пікір –сайыс үлгілері). Карл Поппердің пікір сайыс үлгісі. Пікір сайыстыру қабілеті (сын тұрғысынан ойлау, зерттеу, тыңдау және жазу). Пікір - сайыстардың этикалық коды.

Карл Поппердің пікір- сайыс үлгісінің негізгі элементтері

Теориялық бөлім.
 Қарар. Қарадың түрлері (саяси, құндылықтық). Жақсы қарар жазу тәртібі. Қарар үлгілері.
 Практикалық бөлім.
 Қатар шығару. Қарар сараптамасы.

Критерий

Теориялық бөлім. Критерий - мақсат. Критерий – құндылық. Критерийге сипаттам: қол жеткізу мүмкіндігі, нақтылық, сәйкестілік.
 Практикалық бөлім. Қарарға арнап критерий шығару мен оған сараптама жасау. Критерийді негіздеу. Критерийдің қарар және аргументтермен байланысы.

Дефинициялар (анықтамалар) – негізгі ұғымдарды анықтау.

Теориялық бөлім.
 Пікір – сайыс шеңберін белгілеп алу үшін қарардағы нешізгі ұғымдарды анықтау. Анықтамалар қажетті шектеулер. Анықтамалар қарарды зерттеу бағытын анықтау құралы.
 Практикалық бөлім.

Энциклопедиялық сөздіктермен жұмыс істеу. Анықтамаларды сараптау.

Аргументтер

Теориялық бөлім.
Ақыл шабуылы аргумент құрастыру бағытындағы алғашқы қадам. Ақыл шабуылының тәртібі. Аргумент құрастыру. Аргумент құрылысы. Аргументті қолдау. Аргументті негіздеу түрлері. Жалпылау. Ұқсастық. Себеп –салдар қатынасы. Беделге сүйену. Критерий мен аргумент арасындағы байланыс. Пікір –сайыс парағы. Практикалық бөлім.
Аргумент құрастыру.

Дәлелдер

Теориялық бөлім.
Зерттеу мен дәлелдер. Мәлімет жинау. Мамандармен сұхбат. Компьютерлік зерттеулер. Дәлелдердің түрлері: куәлік (куәләндіру), фактілер, статистикалық мәліметтер, шолулар мен мысалдар. Үзінді келтіру ережесі. Мәлімет алынған қайнар көздің беделдігі мен объективтілігі.
Практикалық бөлім.
Мәлімет алынатын мәтінмен жұмыс істеу. Дәлелдер парағын дайындау.

Жақтау

Теориялық бөлім. **кейсі**
Жақтау кейсінің құрылымы. Кіріспе. Аргументтер тізбегі. ауысу. Қорытынды. Жақтау кейсінің үлгісі.
Практикалық бөлім.
Жақтау кейсін құрастыру.

Даттау

Теориялық бөлім. **кейсі**
Даттау кейсінің құрылымы. Терістеу уақыты. Терістеудің 3 деңгейі: қарарды интерпретациялау, критерйді терістеу, аргументтер тізбегін терістеу. Терістеу стратегиялары. Контраргументтер ұсыну. Терістеуді терістеу. Даттау кейсінің үлгісі.
Практикалық бөлім.
Даттау кейсін құрастыру.

Спикерлердің

Теориялық бөлім. **міндеттері**
Спикерлердің рольдері. Сөз түрлері (конструктивті, дамытушы, қорытындылаушы). Спикерлерді бағалау критерйлері. Кемшіліктер мен қателіктер. Стилль мен ұсынылуы. Көз бе көз байланыс. Дауысты қадағалау (ырғақ, үзіліс, дауыстылық). Қимыл қозғалыс. Өзін -өзі ұстау.

Қарсы сұрақ – жауап

Теориялық бөлім.
Қарсы сұрақ – жауаптардың мақсаты. нәтижелі сұрақ қою әдістері. Ашық және жабық сұрақтар. Қарсы сұрақ – жауап кезіндегі спикерлердің өзін -өзі ұстауы. Практикалық бөлім.
Сұрақтардың тізбегін құрастыру.

Төрешілік

Теориялық

бөлім.

Төрешінің міндеттері. Шешім шығару. Ойыннан кейінгі төрешінің сараптамасы. Топтарды бағалау тәртібі. Спикерлерді бағалау тәртібі. Жақсы төрешінің сипаттамасы.

Практикалық

бөлім.

Төреші парағын толтыру. Пікір – сайыс парағын (картасын) жүргізу.

Пікір – сайыс бәсекелері

Теориялық

бөлім.

Бәсекелерің ұйымдастырылуы. Пікір- сайыс бәсекелерін өткізудің ережелері мен кеңестер.

Карл Поппердің пікір – сайыс үлгісінің негізінде жасалған. Пікір – сайыс бағдарламасы.

Пікір

–

сайыс

клубтары.

Карл Поппердің «Пікір - сайыс» әдістемесіне түсініктеме.

Пікір сайыстарға қажетті негізгі элементтер:

- Қарар (пікір – сайыс тақырыбы)
- Жақтау жағы
- Даттау жағы
- Критерий мен аргументтер (мақсат пен дәйектер)
- Дәлелдер
- Қарсы сұрақ – жауаптар
- Шешім.

Пікір – сайыстың негізгі мақсаты - өзіңіз ұстанып отырған бағыттың, келтірген дәйектеріңіздің қарсыласыңыздікінен артық (дұрыс) екенін дәлелдеп шығу. Пікір сайыстардың шарты бойынша екі қарсы топ берілген қарар бойынша бір –біріне кереғар бағыттар ұстанып, төрешілерді өз бағыттарының дұрыс екеніне көндіруі тиіс. Жақтау тобының (спикерлері) ойыншылары өз бағыттарын қорғап шығу үшін өз кейстерін ұсынады, онда өз қарарлары, дефинциялары – негізгі ұғымдардың анықтамалары, критерий, аргумент және дәлелдерін ұсынады.

Әр топ үш ойыншыдан тұрады. Әрқайсысының ойында өз орны бар және міндеттері нақты белгіленген. Олар өз кейстерін (жақтау және даттау) дайындау үшін ойынға дейін де бірлесіп жұмыс істейді, сонымен бірге пікір - сайыс барысында да ойыншылар тығыз байланыста болып, бірлесіп жұмыс істейді.

Пікір

–

сайыс

тәртібі.

Пікір –сайысты жақтау тобының бірінші спикері бастайды. Оның 6 минут уақыты бар. Сөзін төрешілерді, қарсыластарын, көрермендер мен өз тобымен амандасудан бастап, өз кейсіне көшеді. Ең алдымен қарарымен келіседі (мысалы: «Жастардың сайлауға қатыспауы ақталмайды»), содан кейін қарардағы негізгі ұғымдарды анықтайды – «сайлау», «ақталмайды», «жастар».

Негізгі ұғымдарға анықтама берудің маңызы өте зор. Сол арқылы ойыншылар осы пікір – сайыста қозғала алатын немесе қозғауға болмайтын мәселелер шеңберін анықтап

алады. Анықтама берген кезде ойыншылар анықтаманың қайнар көзін (алынған жерін), тіпті бетін көрсетуі тиіс.

Пікір – сайыс басталмай тұрып, төреші топтарға жеребе тартқызып, олардың бағытын анықтайды (жақтау / даттау), осыдан кейін топтар дайындыққа 15 минут уақыт алады. Бұның сыртында әр топтың ойын барысындағы сөздеріне, қарсы сұрақ – жауаптарға дайындалу үшін 8 минут уақыттары бар, бұл қақытты пайдалану, бөлу мәселелері топтың өз еншісінде. Әр ойынды уақытты қадағалап отыратын уақыт төрешісі болуы тиіс.

Қарардың негізгі ұғымдары анықталғаннан кейін, бірінші спикер жақтау тобының критерийін енгізеді. Критерийді әр топтың өз қарарын, өз бағытын қорғаудағы негізгі мәні, сол қарарды қолдаудағы мүдделері ретінде қарастыруға болады.

Пікірсайыс дағдыларын келесі деңгейге көтеруге арналған 6 Кеңес

Сіздің аргументтеріңіз қандай элементтерден тұратынын түсініңіз.

Бұл өте қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ көптеген адамдар аргумент элементтерінің не екенін түсінбейді.

Сіздің аргументтеріңізге қажет:

- Пайымдау (талап): сіз жеңуге және өзгертуге тырысатын нәрсені айтуыңыз керек.
- Негіздер: сіздің көзқарасыңыз неге дұрыс екенін түсіндіруіңіз керек.
- Мысалдар: түсіндірмелеріңізді растау үшін сізге дәлелдер қажет.

Өз аудиторияңызға "қамқорлық" жасаңыз

Сіздің аргументтеріңіздің барлық компоненттері ежелгі грек философы Аристотельден бізге жеткізген сендіру элементтерінің көмегімен берілуі керек.

Сіз өз аудиторияңызды сендіруіңіз керек: Ethos – сіздің жеке моральыңыз, оны судьялар мен тыңдаушыларға әртүрлі тәсілдермен, кем дегенде сауатты сөйлеу және қарсыластарды құрметтеу арқылы жеткізіңіз; Logos – фактілер мен дәлелдемелердің растылығы, логикалық және анық мәлімдемелер және Pathos – сендіру үшін эмоцияға шақыру, сонымен қатар сіздің сөйлеуіңіздің логикасы мен моральының сақталуын қадағалаңыз.

Осыған сүйене отырып, Ричард Шелл мен Марио Муссаның "Woo Art" кітабын оқуды ұсынамыз, онда сендірудің төрт негізгі қадамы көрсетілген:

1. Қарарда шешілуі керек мәселені елестетіп көріңіз.
2. Проблеманың негізгі тамырын білу (өзектілігі).
3. Өз шешіміңізді түсіндіріңіз.
4. Сіздің шешіміңіз қалай оң нәтиже беретінін көрсетіңіз.

Сабыр сақтаңыз

Көптеген адамдар жақсы пікірталастарда іздейтін нәрселердің бірі – бұл қақтығыс, бірақ бұл сізге қарсы болған кезде сәтті пікірталастар қақтығыстың аузына түсуі керек дегенді білдірмейді. Сондықтан біз сізге мантра береміз: "қарсыласыңызға дауыс көтермеңіз, бірақ дәлелдеріңізді жақсартыңыз".

Пікірталас, әсіресе егер олар саясат әлемінде немесе саяси шешімдердің айналасында болса, өте қауіпті болуы мүмкін, сондықтан спикерлер белгілі бір тақырыптарға деген құштарлықтарын білдіру арқылы жиі қолдау алады. Бірақ егер олар қарсыласына оларды үнемі эмоционалды толқуларға итермелеуге мүмкіндік берсе, олар раундта немесе дау-дамайда жеңе алмайды.

Американдық саясаттағы ең жақсы пікірталастардың бірі Президент Рональд Рейган болды, ол тіпті агрессивті шабуылдар жағдайында да қол жетпейтін тыныштықты сақтады. Дәл осындай зейінді сақтау үшін үнемі дәлелдеріңіздің элементтеріне және қарсыластардың жағдайына назар аударыңыз, әсіресе пікірталастың өткірлігі шыңына жеткен кезде.

Жеке шабуылдарды елемеудің орнына анықтаңыз

Бұл жазбада, әрине, сіздің қарсыласыңыз тек сіздің дәлеліңізге ғана емес, сізге де шабуыл жасау мүмкіндігі бар деп айтыңыз.

Күнделікті өмірде автомобиль жолында немесе кептелісте сіз кез-келген дөрекі қорлауды елемей, жол ережелерін бұзбау үшін жүре аласыз, бірақ пікірталастарда емес.

Корнелл университетінің профессоры Сэмюэл Нельсон, сондай – ақ халықаралық пікірсайыс білім беру қауымдастығы әлемдегі ең жақсы деп таныған пікірсайыс командасының жаттықтырушысы "жеке шабуылды жеңіңіз, оны елемей" қағидатын ұстанады.

Мысалы, президенттік пікірсайыста бір үміткер екіншісін қорқынышты әкім немесе саяси мансабы кезінде абыройсыз әрекет жасады деп айыптауы мүмкін. Бұл үшін ең жақсы реакция, жауап ретінде қарсыласты қорлаудың орнына, біздің кандидат алдымен оның дұрыс емес екендігі туралы қысқаша түсініктеме беріп, алдымен оның атына жіберілген қорлауды қайталайды, содан кейін өз дәлелдеріне немесе осы пікірталастардың негізгі нүктелеріне оралады.

Мүмкіндік берілген кезде сіздің күшті жақтарыңызға сеніңіз

Біз саясат туралы сөйлескеннен кейін, саяси қайраткерлердегі ең жағымсыз нәрселердің бірі – олар бірнеше рет айтылған сөз тіркесін қайталай отырып, сұрақтарға жауап беруден аулақ болу.

Пікірсайыста мұндай трюк жұмыс істемейді және робот немесе клоун сияқты көрінбеу үшін, мұндай жағдайда сіз екінші, әлсіз дәлелге назар аударуыңыз керек,

содан кейін аудитория мен төрешілердің ең жақсы есте сақтағыңыз келетін негізгі дәлелдердің біріне жауап беруіңіз керек.

Сіз кім екеніңізді есіңізде сақтаңыз

Біз сізге бергіміз келетін соңғы кеңес-бұл әдетте " не айтқандарыңызға назар аударыңыз!»

Әр пікірсайысшының артында ол ұсынатын пікірсайыс клубынан бастап, университеттен, мектептен бастап, қоғамдық ұйымға немесе кез-келген басқа ұжымға дейінгі топ бар.

Сіз өзіңіз ойлаған адамдарды ұялтатын жағдайға тап болғыңыз келмейді, Егер сіз мұны есте сақтасаңыз, сіз әрқашан шындыққа тура қарай алатын мықты пікірсайысшы бола аласыз!

Мектеп оқушыларының пікір – сайыс бәсекелеріне арналған тақырыптар.

1. Азаматтық құқықтар саяси кризис кезінде шектелуі тиіс.
2. Демократиялық қоғамда азаматтық бой ұнсынбаушылық акциялары ақталады.
3. Демократиялық қоғам азаматтары қару алып жүруге хақылы.
4. Ұйымдасқан қылмыспен күрес кезінде азаматтық құқықтар шектелуі тиіс.
5. Полиция бөлімдері жекешелендірілмеуі тиіс.
6. Полиция қызметін жеке меншік мекемелер атқара алмауы тиіс.
7. Полицияға қарсы қылмыстар басқаларға қарағанда қатаң жазалануы тиіс.
8. Орта мектептердегі есірткіге тексеру ақталады.
9. Ересектер мен жасөспірімдер түрмеде бірге қамалмауы тиіс.
10. Ата –аналар жас балаларының қылмыстары үшін жауапты болуы тиіс.
11. Әскери қылмыскерлер амнистияға жатпауы тиіс.
12. Тұтқындалғандар қоғамдық жұмыстар үшін пайдаланылуы тиіс.
13. Тұтқындалғандар дауыс беру құқынан айырылуы тиіс.
14. Азаматтық бой ұсынбау акциялары қарсылық түрі ретінде еш пайдасыз.
15. Өнер нақты ғылымдарға қарағанда маңызды.
16. Компьютерлер адамзат дамуына қауіп төндіруде.
17. Әйел адамдар әскерде қызмет етуі тиіс.
18. Жаман үкімет, ешқандай үкіметтің болмауынан жақсы.
19. Табиғи ресурстарды болашақ ұрпақтар үшін сақтап қалу, оларды бүгін пайдаланудан көрі маңызды.
20. Ескі жүйе кезіндегі өмір бүгінгіден әлдеқайда жақсы болатын.
21. Экологиялық өсім мүдделері экологиялық мәселелерден маңызды.
22. Мемлекет өз азаматтарының дәулетті тұрмысын қамтамасыз етуі тиіс.
23. Әлемдік қауымдастық жер бетіндегі соғыс ошақтарын басу үшін қатаң шаралар қолдануы тиіс.
24. Мемлекет соғыс (кризис) жағдайында бұқаралық ақпарат құралдарына цензура енгізу құқына ие болуы тиіс.
25. Жануарларға тәжірибе жасауға тыйым салынуы тиіс.
26. Өлім жазасы жойылуы тиіс.

- 27.Бүгінгі қоғамдағы әйелдердің құқы әлі де тең емес.
- 28.Абортқа тыйым салынуы тиіс.
- 29.Ешқандай саяси ағымға тыйым салынбауы тиіс.
- 30.Ер адамдар әйел затынан артық.
- 31.Міндетті түрдегі әскери қызмет сақталуы тиіс.
- 32.Қазіргі жастардың өмірі алдыңғы буын өміріне қарағанда артық.
- 33.Ядролық қару – жарақ жойылуы тиіс.
- 34.Марихуананы пайдалану заңдастырылуы тиіс.
- 35.Тұтқындалғандардың азаматтық құқықтары қамтамасыз етілуі тиіс.
- 36.Гуманитарлық ғылымдар нақты ғылымдардан маңызды.
- 37.Орта мектеп балаларды шынайы өмірге дайындамайды.
- 38.Бүгінгі күнде ядролық соғыс қаупі жоқ.
- 39.Ғылым мен техниканың пайдасынан, келтірген зияны көп.
- 40.Саясатшының жеке өмірі қоғам үшін ашық болуы керек.
- 41.Тоталитарлық мемлекет өз азаматтарына демократиялық мемлекеттен гөрі көп пайда әкеледі.
- 42.БҰҰ ғаламдық мәселелерді шеше алмайды.
- 43.Мемлекет өз азаматтарының денсаулығын қамтамасыз етуге міндетті.
- 44.Қоршаған орта проблемалары асырып көптірілуде.
- 45.Палестиндіктердің Израиль территориясына заңды құқы бар.
- 46.Мемлекет азаматтарының негізсіз толқуларын (көтерілісін) күшпен басуға хақылы.
- 47.Мектептердегі баға қою жүйесін жою қажет.
- 48.Түрмелерді жою қажет.
- 49.Дамыған мемлекеттер дамушы елдерге көмектесуі тиіс.
- 50.Мемлекет азаматтардың қару иелену құқын шектеуі тиіс.
- 51.Жасөспірім қылмыскерлер ересектермен тең дәрежеде жазалануы тиіс.

ПІКІР-САЙЫС

МАҚСАТЫ: Оқушылардың жаңаша ойлау қабілеттерін, сондай-ақ олардың дағдылары, тәсілдері, зерек оқуы, шешен сөйлеуі, үлгілі жазуы сияқты жеке тұлғалық ресурстарын дамытуға көмектеседі.

МІНДЕТІ: Оқушылардың жоғары эвристикалық зерттеу, ой қабілеттерінің тез жетілуіне ұлттық салт-дәстүр тәрбиесін бойына сіңіріп өсуіне жағдай жасау.

№ р/с	Өткізілетін тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі	Оқушылармен жүргізетін іс-әрекет	Күтілетін нәтиже
	Кіріспе				
1	Пікір-*сайыс туралы түсінік, жылдық жоспармен таныстыру	1	7.09	«КВАНТОР» «ДЖИГСО»	
2	Пікір-сайыс тарихы,	1	14.09	«Орамдағы	

	мақсаты, міндеті.			әріп», «Микс»	
3	Пікір-сайыс ережесі, сайысқа дайындық	1	21.09	«Фишбоун», «Тоқыма»	
4	Пікір-сайыс «Мемлекеттік тіл – менің тілім»	1	28.09	«НМК үшбұрыш сызбасы», «Фуршет»	
Ойын ретіндегі пікір-сайыс					
5	Пікір-сайыс ойынының негізгі элементтері	1	05.10	«Мағналы сурет», «Галерея»	
6	Жақтаушы спикердің міндеттері	1	12.10	«Одақтас жұптар»	
7	Даттаушы спикердің міндеттері	1	19.10	«Синквейн» «Қар кесегі»	
8	К.Поппердің бағдарламасына сәйкес пікір-сайыс ұйымдастыру	1	26.10	«Цицерона» «Ақылдың алты қалпағы»	
Шешім және оның түрлері					
9	Шешімнің анықтамалары – дефиницалар	1	09.11	«Тоқыма» «Микрофон»	
10	Дәйектеме (аргумент) құрастырудың жолы	1	16.11	«Өрмекші торы»,	
11	Жаттығу сабағы, дәйектеме құрастыру	1	23.11	«Серпілген сұрақ»	
12	Ақпарат жинақтау және оларды зерттеу	1	30.11	«Миллион кімге бұйды»	
Аргументтерді дәлелдеу					
13	Дәлел және оның түрлері	1	07.12	«Не? Қайда? Қашан?»	
14	Дәлелдеудің түрлері; куәлік, факт және статистика	1	14.12	«Телеграмма» «Беғуций диктант»	
15	Жаттығу сабағы; «Шешім – дәйек (аргумент) – дәлел»	1	21.12	«Case-study»	
16	Пікір-сайыс: «Қазақстанда ұлттық-патриоттық тәрбие өз дәрежесінде ме?».	1	28.12	«Ойлан, Жұптас, Пікірлес»,	
Критерий					
17	Критерий негіз немесе үлгі, мақсат ретінде құрастыру	1	11.01	Дөңгелек үстел, «интервью»	
18	Шешімге сәйкес	1	18.01	«Үлкен	

	критерий құрастыру			шеңбер»	
19	Пікір-сайыс жүргізудегі кіріспе сөз	1	25.01	«Аквариум»	
20	Контенция – аргументтер жиынтығы	1	01.02	«Қос шеңбер»	
Жақтаушы кейс					
21	Кейс. Кейсті қорытындылау	1	08.02	«Броундық қозғалыс»	
22	Жаттығу сабағы; кейсті құру үлгісі	1	15.02	«Позиция таңдау»	
Даттаушы стратегиялары					
24	Жақтаушы кейсті жоққа шығару жолдары	1	22.02	«Нөмірленіп ауысу»	
25	Шабуылдың бірінші деңгейі – шешімді түсіндіру	1	01.03	«Келіссөз жүргізу ойыны»	
26	Шабуылдың екінші деңгейі – критерийге қарсылық көрсету	1	15.03	«Жарнама құрастыру ойыны»	
27	Шабуылдың үшінші деңгейі – контенцияларға қарсылық көрсету	1	05.04	АПФ форматындағы пікір-сайыс ойыны	
28	Даттаушы кейсті құру үлгісі. Ми шабуылы	1	12.04	ЛД форматтағы пікір-сайыс ойыны	

Қарама-қарсы сұрақ-жауап					
29	Пікір-сайыстағы сұрақ-жауаптардың мақсаты	1	19.04	«Миға шабуыл»	
30	Сұрақ қоюдың әдістері	1	26.04	«Мен саған – сен маған»	
31	Жаттығу сабағы; сұрақ-жауап	1	03.05	«Сөйлемді жалғастыр»	
Стиль					
32	Аудиторияны көру арқылы байланыс жасау, дауысты басқару	1	10.05	«Стоп кадр»	
33	Өзін-өзі ұстай білу, мәнерлілік	1	17.05	«Дубляж»	
Төрешілік					
34	Төреші қандай болу	1	24.05	Қорытынды	

	керек, оның міндеттері Спикерлердің ұпайларын анықтау			пікір-сайыс ойыны.	
--	-------------------------------------------------------------	--	--	-----------------------	--

Не үшін сөйлеу керек?

Жұмыс дәптері бос болса, не сабақ «өнімі» болмаса бұл әдетте тапсырма орындалмаған деп саналады. Бұл мектепті бағалау барысындағы есептілік және тексеру үдерісімен қуатталған пікір, сабақ үстіндегі тапсырма немесе оқу сезінерлік болу керек деген ойға жетелейді. Көрсетуге болатын «нәтиже» болуы керек. Көптеген зерттеулер мен жеке тәжірибе көрсетіп отырғандай, түсіну өз бетінше ғана пайда болмайды, ол – анағұрлым тиімдірек жазбаша сөзден немесе бір нәрсе жасау кезінде де орын алады.

Демек оқу, тереңдетілген оқу міндетті түрде материалдық дәлелдермен қосақталып жүру керек деген пікір дұрыс емес болып шықты.

Орыс психологы Лев Выготский сөйлеу мен ойлау өзара тығыз байланысты деп жазған. Сөйлеу үдерісі бізге дүниені тану үшін қолданатын ойларымызды айту және тұжырымдамаларды дамыту арқылы білім алуымызға көмектеседі. Қарым-қатынас және түсіну тәжірибе барысында жақсарады. Демек түсінуді дамыту үшін сөйлеу қабілеті өте маңызды.

Әрине құр сөйлесудің өзі жеткіліксіз – әңгіме дамытуды қажет ететін пәнге шоғырланған болуы керек. Шоғырланбаған жазу шоғырланбаған нәтижелерге әкеліп соғады, талқылау мен пікірталастар ақиқаты сондай. Бұл жинақта көрсетілген әдіс-тәсілдер оның нысаналы, құрылымдалған (немесе әдейі құрылымдалмаған) және оқушылар мен параметрлерге сәйкес келетін болуы үшін, әңгімеге қолдау және көмек көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар мадақтау мен бағалаушы әңгіме ақпарат береді; тыңдау мен сөйлеу сияқты, қарым-қатынас жасау өте маңызды.

Әңгіменің түрлері

Мерсер (1995) әңгімелесудің үш түрін анықтады:

- Әңгіме-дебат (мәлімдеу және қарсы мәлімдеу)
- Кумулятивтік(қайталау, мақұлдау, түсіндіру)
- Зерттеушілік (сыни әрі сындарлы).

Сонғы екеуі PSHE-де кең тараған, өйткені олар оқушыларды эмоцияларын білдіруге, бағалауға, сипаттама беруге және өз ұстанымдарын білдіруге ынталандырады. Кейде дебат та болуы мүмкін, бірақ оның дәлелдерге негізделген стилі қауіпсіз және қолайлы орта құра алмайды. Бұл оқушыларды өз көзқарастарына бағытталған орынсыз шабуылдардан сақтанып, тайсалмай сөйлеуге итермелейді. Топтық әңгіме қауіпсіз ортаны құруға барынша ыңғайлы. Бұл жерде «сөйлеушілер әңгіме құрып, өз бетінше және өзара қолдау көрсету арқылы, сынап-мінемей ақпаратты ұсына отырып, білім және түсінік негізін бірлесіп құрады» (Мерсер, *Сөздер мен Саналар*, 2000)

Төменде пікірталастар мен дебаттарды қолдау үшін қолдануға болатын тәсілдер берілген.

Уақыт шеңбері

Мақсаты:

Идеялар, тәжірибелер және ойлармен бөлісу. Өз-өзіңді және басқаларды түсінуді алға бастыру. Топ сұрақтарын құрастыру.

Ұйымдастыру:


Барлығы орындықта немесе еденде шеңбер құрып отырады. Сөйлеуші ғана ұстайтын зат бар (мысалы, доп).

Жаттығудың сипаттамасы:

Мұғалім оқушылар сияқты орындықта немесе еденде отыр. Бұл мына ерекше сынып тапсырмасында мұғалімнің директор емес, үйлестіруші екенін білдіреді. Мұғалім Уақыт шеңберіндегі құрылымдық ережелерінің сақталуына, әр оқушының эмоциясын қорғауға және лайықты тапсырмаларды дайындауға жауапты. Егер оқушылар ережелерді үнемі бұза берсе, мұғалім тапсырманы аяқтауға дайын болуы керек.

Уақыт шеңберіндегі ең маңызды ереже – талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек. Бұл бірініші болып өткізілуге тиісті тапсырмалардың бірі. Негізгі үш ережені талқылау керек:

- Тек біреу ғана сөйлеу керек – әңгіме тақырыбы ережелердің сақталуына мүмкіндік туғызуы керек.
- Егер сіз бір тақырып аясында сөйлегіңіз келмесе, «сөзіңізді» басқаға бере аласыз. Ешқандай қатты ескерту болмауы керек.



Балалар философиясы

Мақсаты:

БФ балаларды (немесе ересектерді) сыни, байыппен, шығармашыл және бірлесіп ойлауға ынталандыруға бағытталған. Бұл мұғалімге қатысушылар сұрақтарды өздері құрастырып және өздері қоятын және «қалай оқу керектігін үйренетін» «сұраныстар қоғамын» құруға көмектеседі.

Ұйымдастыру: Орындықтарды шеңбер етіп қойыңыздар, (егер қажет болса) сөйлеушіні білдіретін бір затты алыңыз (мысалы, доп). Бөлме ішінде оқушыларға арналған ынталандыру материалдарын орналастырыңыз.

Жаттығудың сипаттамасы: Мұғалім тақырыппен таныстырып, үдерісті түсіндіреді. Оқушыларға ынталандыру материалдарын толығымен қарауға бірнеше минут беру керек. Оқушылар шеңберге оралғанда, жауап беруі тиіс тақырыпқа/пәнге қатысты сұрақтарды ойластыру үшін, оларға бір-екі минут беріледі. Оқушылар пікір алмасып, мәселені талқылап, бір тоқтамға келу үшін дауыс береді. Мұғалім сұрақтарды дұрыс құра отырып, дамытатын сұрақтар қойып немесе әр оқушының қатысуын қамтамасыз ету үшін топпен бірге әрекет ете отырып, үйлестіруші ретінде қатысады.



Кемпірқосақ топтары

Мақсаты:


Әр оқушы (бастапқы топта) тыңдайды және (Түрлі-түсті топта) сөйлейді.

Ұйымдастыру:

Топты қимылдауға және талқылауға орын қалдыра отырып, стандартты орналастыру.

Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушыларды талқылау үшін (бұл «бастапқы топ») тақырып бойынша (барлығына бір тақырып немесе әр топқа бөлек тақырып) топтарға бөліп отырғызыңыз. Талқылаудан кейін оқушыларға түстер беріп, тиісінше қайтадан топқа бөледі. Жаңа топтар «бастапқы топ» қатысушыларынан тұрады. Кейін оқушылар жана топта не талқылағандарын айту үшін «бастапқы топқа» қайта оралады. Бұл одан әрі талқылауға түрткі болады.



Қар кесегі

Мақсаты:

Келіссөздерді, бірге алаң болу және негіздеуді қолдануға көмектеседі.

Ұйымдастыру:

Қозғалуға және араласуға ыңғайлы болу үшін үлкен кеңістік қажет. Немесе, оқушылар парталардың айналасына топтар құрып, тиісінше орындықтарды қозғалта алады.

Жаттығудың сипаттамасы:

Біріншіден, оқушылар жеке жауап берулері керек. Кейін жұп ақылдасып, олардың екі жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, үдерісті қайталайды. Осылайша төрт жауап бір жауап болып біріктіріледі.

Мысалы. Бірінші оқушы мінсіз өмір үшін үш зат таңдайды.

Кейін жұптар талқылап, 6 жауаптан тек үшеуін таңдайды.

Сосын 4 оқушы дәл солай алтыдан 3 затты таңдайды.



Джигсо

Мақсаты:

Сұрақтар топтамасымен жұмыс істеудің құрылымдалған тәсілі және топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастыру:

Оқушыларды сынып бойынша үш-төрттен орналастырыңыз.

Жаттығудың сипаттамасы: «Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

- Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

- Құрылған *әр топқа* дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді.
- Нақты бір сұрақты немесе тапсырманы таңдаған оқушылардың барлығы *Сарапшы топ* деп аталатын жаңа топ құрылып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін олар бірлесіп жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым-қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады.
- Оқушылар бастапқы топтарына қайтып оралады. Материалдар таратылады да, бастапқы топтарға ақтық тапсырма беріледі. Ол ұжымдық қорытынды шығару немесе жеке тапсырма болуы мүмкін. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топта болған кезде алған мәліметтерін ескере отырып, бастапқы топтың бірлескен «ақылына» сүйенуін қамтамасыз ету

Ыстық орындық

Мақсаты:

Біреуге алаңдаушылық танытуды ынталандыруға, мазмұнды «түсінетіндігін» түсінуге арналған драмалық тапсырма. Сұрақтар ды зерделеп, ұстанымдарды негіздеуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастыру:

Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар доға болып қойылған .

Жаттығудың сипаттамасы:

Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады (мысалы, Гордон Браун немесе жалғыз басты жас ана).



Стоп-кадр

Мақсаты:

Талқылауды демеуге арналған кинестетикалық әдіс.

Ұйымдастыру:

Шеңберде бастап кейін топтарға бөліну – үстелдерді жылжытып, әрекет етуге мүмкіндік болатындай кеңістік қалдырып қойыңыз.

Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушылардан тақырыптың, хикаяның және мақұлдаудың стоп-кадрын жасауды сұрайды. Стоп-кадр бұл «камера» өз жұмысын тоқтатқан нүкте – стоп-кадрдың сыныпқа көрінбейтін басы және аяғы болады (сонымен ол фотографиялық суреттен ерекшеленеді). Топтар суретте не болып жатқанын талқылау үшін, өз стоп-кадрларын сыныпқа көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы, Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
2. <http://kzdocs.docdat.com/docs/index-2180.html>
3. <http://jagrafia.ucoz.kz/>
4. **Рудик Г.А.** Ой еңбегі мәдениеті немесе оқудың 101 техникасы. Оқушыларға, студенттер мен педагогтарға және оқуды өмірлік салтқа айналдырғандардың барлығына арналған оқу құралы. Қостанай қаласы, 2010 – 96 б.
5. **Әлімов Асхат.**
Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы: баспасы, 2009. - 263 бет.